

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 сәуірдегі N 114 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 21 сәуір N 442

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" 1999 жылғы 8 сәуірдегі N 114 U990114_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері: үш күндік мерзім ішінде жергілікті атқарушы органдардың істері мен мүлкін беруге байланысты мәселелерді шешу үшін бірлескен комиссия құрсын; Солтүстік Қазақстан облысы Көкшетау қаласының, Еңбекшілдер, Зеренді және Щучинк аудандарының әкімшілік ғимараттары мен мүлкін Ақмола облысына қабылдап а л у - б е р у д і ұ й ы м д а с т ы р с ы н ;

элеуметтік саланың жекелеген объектілерін Астана қаласында астана қаласының әкіміне, Көкшетау қаласында және берілетін селолық аудандарда - Ақмола облысының әкіміне б е р у д і жү з е г е а с ы р с ы н ;

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 сәуірдегі N 114 Жарлығын іске асыру жөнінде өзге де ұйымдастырушылық-құқықтық шараларды қабылдасын.

2. Ақмола облысының әкімі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігіне (келісім бойынша) мемлекеттік органдардың қызметшілері басқа жерге жұмысқа (Көкшетау қаласына) ауысудан бас тартқан жағдайда, заңдарда белгіленген тәртіппен еңбекке орналастыруға көмек көрсету мақсатында олар туралы мәлімет ұсынсын;

Үкімет комиссиясының шешімі бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен кейін беру мақсатымен Астана қаласындағы қызметтік үйлер мен мемлекеттік меншіктегі ғимараттардың сақталынуын қамтамасыз етсін;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының балансына 1-қосымшаға сәйкес ғимараттар мен қызметтік үй-жайлар берілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.29. N 525 қаулысымен. P990525_

3. Солтүстік Қазақстан облысының Көкшетау қаласын, Еңбекшілдер, Зеренді және Щучинск аудандарын Ақмола облысына қосуға және Ақмола облысының орталығын Астана қаласынан Көкшетау қаласына көшіруге байланысты мәселелерді шешу жөнінде Үкімет комиссиясы (бұдан әрі- Комиссия) құрылсын.

4. Қосымшаға сәйкес Комиссияның құрамы бекітілсін.

5. Комиссия белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне мына мәселелерді :

қызметтік үйлер мен мемлекеттік меншік ғимараттарын одан әрі тиімді пайдалану жөніндегі ұсынысты ;

Солтүстік Қазақстан облысының берілетін аумағы және тұтастай алғанда Ақмола облысы бойынша республикалық бюджеттен бөлінетін субвенцияларды қайта бөлуді көздейтін Үкімет қаулысының жобасын енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
29 сәуірдегі
N 525 қаулысына
1-қосымша

ЕСКЕРТУ. Жаңа 1 қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.29. N 525 қаулысымен.

P990525_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.05.26. N 642 қаулысымен.

P990642_

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының
балансына берілетін ғимараттар мен қызметтік үй-жайлардың

Тізбесі

р/н	Ғимараттардың, қызметтік үй-жайлардың атаулары мен олардың мекен-жайлары	Алаңы (шаршы м.)
1.	Ақмола облысының әкімшілік ғимараты Ж.Омаров көшесі, 60	3098
2.	Облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі басқарма М.Әуезов көшесі, 116	1627
3.	Облыстық ішкі істер басқармасы Бейбітшілік көшесі, 19	5474
4.	Облыстық экология және биоресурстар басқармасы Жамбыл көшесі, 71/1	1076,5
5.	Ақмола облыстық әскери комиссариаты Жангелдин көшесі, 40	1404
6.	Облыстық сот ғимараты Дружба көшесі, 018	1225
7.		
8.	Облыстық білім беру басқармасы Әуезов көшесі, 103 а	642,8
9.	Облыстық прокуратура (келісім бойынша) Желтоқсан көшесі, 59	1623,4
10.	Облыстық қаржы басқармасы Дружба көшесі, 29 б	787
11.	Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық станция Желтоқсан көшесі, 50	4309,8
12.	Ақмола облысының мемлекеттік мұражайы Әуезов көшесі, 43	1126,5
13.	Облыстық әділет басқармасы Ақжайық көшесі, 7	450
14.	Ақмола облыстық білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты Кенесары көшесі, 270	2451
15.	Облыстық мәдениет басқармасы	402

	Абылайхан даңғылы, 2 а	
16.	"Медстандарт" облыстық орталығы Желтоқсан көшесі, 45	195
17.	Облыстық гидрометеорология жөніндегі орталық Республика даңғылы, 4	225
18.	Ақмола табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі комитеті Абай даңғылы, 92	172,1
19.	Облыстық жер ресурстары жөніндегі комитеті Желтоқсан көшесі, 41	100
20.	Облыстық қазынашылық басқармасы Бейбітшілік көшесі, 57	1271
21.	Ақмола стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы Әуезов көшесі, 104	875
22.	Облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма Сарыарқа көшесі, 89	420
23.	Аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Полевая көшесі, 4/2	1295
24.	Облыстық статистика жөніндегі басқарма Желтоқсан көшесі, 23	594,9
25.	Салық полициясының облыстық басқармасы Победа көшесі, 132	1200
26.	Ақмола облысы бойынша кеден басқармасы Бөкейхан көшесі, 44	1389

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 21 сәуірдегі N 442 қаулысына
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының Көкшетау қаласын,
Еңбекшілдер, Зеренді және Щучинск аудандарын
Ақмола облысына қосуға және Ақмола облысының
орталығын Астана қаласынан Көкшетау қаласына көшіруге
байланысты мәселелерді шешу жөніндегі Үкімет комиссиясының

Құрамы

Ертілесова Жанат - Қазақстан Республикасының
Жұрғалиқызы Қаржы бірінші вице-министрі,
төрайым

Арғынғазин Әнуарбек - Қазақстан Республикасының
Арғынғазынұлы Президенті Іс Басқарушысының
орынбасары (келісім бойынша)

Әбітаев Есберген - Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және сауда
бірінші вице-министрі

Әділбеков Дәурен - Ақмола облысы әкімінің
Зекенұлы орынбасары

Ахметов Даниал - Солтүстік Қазақстан облысының
Кенжетайұлы әкімі

Власов Николай - Қазақстан Республикасының Ішкі
Афанасьевич істер вице-министрі

Доминов Евгений - Қазақстан Республикасының
Евгеньевич Қаржы министрлігі Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру
комитеті төрағасының орынбасары

Есілов Сансызбай - Астана қаласы әкімінің
Сейітжанұлы орынбасары

Кәрібжанов Қайрат - Қазақстан Республикасының
Сәлімұлы Көлік, коммуникациялар және
туризм вице-министрі

Кулагин Сергей - Ақмола облысының әкімі
Витальевич

Мағзұмов Еран - Қазақстан Республикасы

Құдысбекұлы Премьер-Министрінің Кеңесі
Ұйымдастыру, бақылау және
қауіпсіздік бөлімінің бас
инспекторы, хатшы

Нұрпейісов Қайрат - Қазақстан Республикасының
Айтмұхамбетұлы Мемлекеттік кіріс вице-министрі

Отаров Қадырхан - Қазақстан Республикасының Ауыл
Махмұтұлы шаруашылығы вице-министрі

Чиркалин Иван - Солтүстік Қазақстан облысы
Федорович әкімінің орынбасары

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.